# BULANDY AQPARAT

БҰЛАНДЫ АУДАНЫ

№ 24 (474)
13.06.2025

Аудандық қоғамдық-саяси газет
Районная общественно-политическая газета


## Аудан әкімі А. Смайыловтың мерекелік құттықтауы

***Медицина қызметкерлері күнімен***

Құрметті медицина қызметкерлері! Қадірлі денсаулық сақтау саласының ардагерлері!

Сіздерді, кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Әрбір мемлекеттің басты байлығы – ол оның азаматтары болса, әрбір адам баласы үшін байлық та, бақыт та – денсаулық. Олай болса, медицина қызметкерлерінің кез келген қоғамда алар орны қашанда ерекше. Әрбір азаматтың денінің сау болуы Сіздердің ерік-жігерлеріңіздің, білімдеріңіз бен кәсіби шеберліктеріңіздің жемісі.

«Ұлт денсаулығы – біздің табысты болашағымыздың негізі» дегендей саламатты қоғам қалыптастырып, дені сау ұрпақ өсіруде дәрігерлердің алар орны ерекше. Келешек ұрпақтың жарқын болашағының кепілі болып табылатын денсаулық мәселесін жетілдіру – біздің негізгі парызымыз болып табылады.

Құрметті медицина қызметкерлері! Ерен еңбектеріңізге, шипалы алақандарыңызға, мейірімді жүректеріңізге алғысымыз шексіз. Еңбектеріңіз халыққа қуаныш сыйлап, өздеріңізді нұрға бөлесін. Сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, күш-жігер, баянды бақыт пен жаңа табыстар тілеймін.

## Уважаемые медицинские работники!

От имени районного маслихата сердечно поздравляю вас с профессиональным праздником — Днём медицинского работника!

Этот день — признание вашей самоотверженной службы, высокого профессионализма и неоценимого вклада в охрану здоровья граждан. Каждый ваш рабочий день — это преданность делу, терпение, сострадание и огромная ответственность. Вы первыми встречаете боль и тревоги людей, дарите надежду и возвращаете к жизни.

Особая благодарность — врачам, медсёстрам, фельдшерам, санитарным работникам и всем, кто трудится в амбулаториях, больницах и ФАПах нашего района. Ваш труд заслуживает глубочайшего уважения.

Желаю всем вам крепкого здоровья, мира, благополучия в семьях и профессиональных успехов. Пусть ваш труд будет оценён по достоинству, а забота о пациентах возвращается вам уважением и благодарностью!

**С уважением, председатель районного маслихата, Н. СЕКСЕНОВ.**

## ЕСЕП БЕРІЛІП, ЖОСПАР БЕКІТІЛДІ





Аудандық мәслихаттың кезекті сессиясында 2024 жылға арналған аудандық бюджеттің атқарылуы туралы, сондай-ақ Макинск қаласы мен ауылдық округтер бюджеттерінің атқарылуы туралы есептер қаралып, бекітілді.

Аудан бюджетінің атқарылуы туралы аудан әкімі А. Д. Смайылов, Ақмола облысы бойынша Тексеру комиссиясының мүшесі Ә.Б. Әбдірахманова сөз сөйледі, депутаттық корпустан аудан әкімінің есебі бойынша экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы А.Ж. Кенжеғалиев сөз сөйледі.

Талқылау қорытындысы бойынша депутаттар жергілікті жерлерде бюджеттерді пайдалану тиімділігін одан әрі арттыру, іске асырылып жатқан барлық бағдарламалар бойынша 2025 жылы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыру қажеттігін атап өтті. Бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау сапасын арттыруға бағытталған шаралар қабылдау, сондай-ақ жергілікті бюджетке түсетін түсімдер жоспарының толық және сапалы орындалуын қамтамасыз ету, кіріс бөлігін толықтыру, салық салынатын базаны кеңейту бойынша жұмыстар жүргізу.

Сессия жұмысына аудан әкімі А.Д. Смайылов, Ақмола облысы бойынша Тексеру комиссиясының мүшесі Ә.Б. Әбдірахманова, аудан әкімінің орынбасарлары, облыстық мәслихат депутаты К.Т. Меңдібаева, құқық қорғау органдарының басшылары, қала және ауылдық округтердің әкімдері, мекемелер мен ұйымдардың басшылары, бөлім басшылары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі қатысты.

**Аудандық мәслихат аппараты.**

## Қажырлы еңбекке лайықты құрмет

Қаламыздағы №2 орта мектебінде ауданымыздың «Құрметті азаматы», абыз кеуде ақсақал, ақын, өмірін шәкірт тәрбиелеуге арнаған ұлағатты ұстаз Ермек Қаратайұлының атында қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті ашылды. Ұлы Абайдан бастап қазақ әдебиеті классиктерінің және Ермек атаның суреттері қойылып әсем безендірілген кабинеттің көркі көз тартады. Салтанатты ашылуында аудан әкімі Ардақ Дулатұлы Смайылов құттықтау сөз сөйлеп, артында өшпестей із қалдырған Ермек Қаратайұлының өнегелі өмір жолы көпке өнеге екенін баса айтып, шығармашылығының маңыздылығын тілге тиек етті. Ермек атаның шығармашылығына, өмір жолына арналып ашық сабақ өтіп, өлеңдері оқылды.





Жалпы Ермек Қаратайұлы 1930 жылы 1-қаңтар күні Макин ауданы Қыстау-Қарағай ауылында дүниеге келген. 1937 жылы мектеп табалдырығын аттап, туған ауылындағы 7 жылдық мектепті бітірді. Вознесенка ауылындағы мектепте курстан өтіп, ауылындағы мектепке мұғалім болып барып «Бала ұстаз» атанды. 1948 жылы Степняк қаласындағы он жылдық мектепке оқуға түстіп, орта білім алды. 1950 жылы Қарағанды мұғалімдер институтына түсті. Еңбек жолын Степняктағы Абай мектебінде бастады. Кейін «Социалистік құрылыс» газетіне жауапты хатшы болып тағайындалды. Түрлі салада еселі еңбек етіп, бар өмірін елдің өркендеуіне арнады. «1941-1945 жылдардағы ерен еңбегі үшін», «Тыңға 50 жыл» медальдарымен марапатталған. Бұланды ауданының «Құрметті азаматы», «Жыр десте», «Сағыныш», «Білгенге маржан», «Жан шуақ» атты жыр жинақтарының авторы.

Ермек ата «Бала ұстаз» атанғаны жайлы өз сөзінде былай деп еді:

«Оқу жылы басталып бірінші рет сабаққа кіргенімде ересек балалар орындарынан атып тұрып, шуылдап менің қасыма келді. Олар мені мұғалім деп ойлаған да жоқ. Ананы-мынаны сұрап тыныштала емес. Түсінуге болады, бәрі кешегі өзім бірге асық ойнап жүрген балалар. Сонда да өз мұғалімдік міндетімді атқаруға кірістім. «Мен сендердің мұғалімдеріңмін, тыныштаныңдар, сабақ бастаймыз»,- деп дауысымды қаттырақ шығардым. Барлығының көздері алақандай болып орындарына отыра бастады. Осылайша «бала мұғалім» атандым. Бұл 1944-1945 оқу жылы болатын. Соғыс жылдарында жаз бойы колхоздың жұмысында болып, жер жыртып, егін салуға, егін оруға шамамыз келгенше қатыстық. Қабырғамыз қатпаған жас бала болсақ та жаз бойы егістікте, қысқа сол жерлерге қар тоқтату үшін тынбай еңбек еттік. Сол үшін 1945 жылы мені «1941-1945 жылдардағы ерен еңбегі үшін» медалімен марапаттады. Сол медальді кеудеме тағып мектепке барып жүрдім. Содан бастап маған «орденді мұғалім» деп ат қойып алды. Осылайша бала ұстаз болып сабақ берген екі жылым өте шықты. 1946 жылы Ақмоланың педучилищесін бітірген бірнеше қыз мектепке қызметке келіп, бастауыш сыныптарының мұғалімдері болып тағайындалды. Мұғалімдік қызметтен босаған мені колхоз басқармасы есепшінің (бухгалтердің) көмекшісі етіп жұмысқа қабылдады. Бухгалтерлік қызметті көріп мен де бухгалтер болсам деген ойға қалдым. Бірақ білімім жетіспегендіктен он жылдық білім алу мақсатымен 1948 жылы Степняк қаласындағы он жылдық мектепке оқуға түстім. 1950 жылы орта білім алдым». Ермек атаның тәрбиелік мәні зор өлеңдерінің жас ұрпаққа берер пайдасы мол.






**Ж. ЗАНДЫБАЙ.**

15 июня – День отца

## Сердце семьи — отец

15 июня в нашей стране отмечается особенный и трогательный праздник — День отца. Это день, когда мы выражаем благодарность, любовь и уважение мужчинам, которые с честью и ответственностью несут почётное звание отца.

Отец — это не только добытчик и защитник, но и наставник, друг, пример силы духа и мужества. Именно отцы помогают детям сделать первые шаги, учат быть честными, трудолюбивыми, уважающими окружающих. Их поддержка важна в любом возрасте — и в детстве, и в зрелые годы.

День отца — это прекрасный повод сказать своим папам «спасибо» за всё, что они делают для семьи. Пусть в этот день звучат слова любви, а в доме царит атмосфера уюта и заботы.

Поздравим всех пап с праздником! Желаем крепкого здоровья, мудрости, терпения и душевного тепла!

**Г. НУРКИШЕВА, старший специалист Модельной детской библиотеки.**

# АУДАН ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС РАЙОНА

## В ОСНОВЕ МИССИИ: ЗНАНИЯ, ОТЗЫВЧИВОСТЬ, ДОБРОСОВЕСТНОСТЬ И ЗАБОТА

***Многим из нас известно, что социальная работа – это профессиональная деятельность, имеющая цель содействовать людям и социальным группам в преодолении личностных и социальных трудностей посредством поддержки, защиты, коррекции и социальной реабилитации. Но не все знают о том, что для многих людей, которые трудятся в данной сфере работа становится частью жизни, важной его составляющей и что каждый социальный работник проникается неимоверным милосердием и заботой по отношению к людям, нуждающимся в душевной теплоте и поддержке.***

***Сегодня мы хотим рассказать об очень важной работе, которая проводится в районе, о социальной службе, прошедшая трансформацию, работниках сферы, принципах социальной работы. На все наши вопросы ответит директор КГУ "Центр оказания специальных социальных услуг в условиях на дому" Отдела занятости и социальных программ Буландынского района Гульдана Едрисова.***



**- Гульдана Едыгеевна, на должности руководителя коммунального государственного учреждения вы с начала этого года. Расскажите о возглавляемом Вами учреждении подробнее?**

- Здравствуйте, редакция и уважаемые читатели газеты «Bulandy Aqparat», отвечая на Ваш вопрос, хотелось бы сказать о том, что коммунальное государственное учреждение «Центр оказания специальных социальных услуг в условиях на дому» отдела занятости и социальных программ района было создано путем трансформации по постановлению акимата Буландынского района в конце прошлого года. Официально центр начал свою деятельность с 5 января текущего года. Работаем мы согласно лицензии на оказание специальных социальных услуг. На сегодняшний день нами обслуживается 107 человек, при плановой мощности 110 человек.

**- Что такое предоставление специальных социальных услуг в условиях на дому? Кто осуществляет эту работу в районе? Каким категориям граждан они предоставляются?**

- Прежде чем ответить на эти вопросы, хотелось бы подчеркнуть, что специальные социальные услуги в условиях на дому осуществлялись в районе и ранее, но не было отдельного государственного учреждения. Политика государства в данном случаем направлена на то, чтобы повысить и укрепить статус социальной работы и сформировать отдельное самостоятельное учреждение, которое будет проводить дальнейшую работу в полноценном, более качественном ключе.

В районе сегодня работают при городском и сельских акиматах 20 социальных работников, которые обслуживают 107 чел., из них одинокие престарелые – 90 чел., инвалиды – 8 чел., инвалидов старше 18 лет с психзаболеванием – 5 чел., детей инвалидов - 4.

Предоставление специальных социальных услуг оказывается на основании Социального кодекса Республики Казахстан № 224-VII ЗРК от 20 апреля 2023 года и стандарта оказания специальных социальных услуг в области социальной защиты населения утвержденного приказом Заместителя Премьер - Министра - Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 29 июня 2023 года № 263.

Специальные социальные услуги в условиях на дому предоставляются в дневное время суток следующим категориям лиц:

1) детям с инвалидностью с психоневрологическими патологиями от полутора до восемнадцати лет;

2) детям с инвалидностью с нарушениями опорно-двигательного аппарата от полутора до восемнадцати лет;

3) лицам с инвалидностью старше восемнадцати лет с психоневрологическими заболеваниями

4) лицам с инвалидностью первой и второй групп

5) лицам, не способным к самостоятельному обслуживанию в связи с преклонным возрастом, это у нас одинокие престарелые

У штатных социальных работников, согласно штатным нормативам, идет полная нагрузка. Здесь хотелось бы обозначить тот аспект, что на сегодняшний день нет возможности принять на учет граждан, желающих получать специальные социальные услуги на дому, так как нет свободных штатных единиц социальных работников. Однако, вопрос на контроле.

В соответствии со штатными нормативами: 1) на 8 престарелых и инвалидов первой и второй группы, проживающих в благоустроенном жилище предусмотрен 1 социальный работник; 2) на 5 престарелых и инвалидов первой и второй группы, проживающих в неблагоустроенном жилище - 1 социальный работник; 3) на 4-6 детей с психоневрологическими патологиями, лиц старше восемнадцати лет с психоневрологическими заболеваниями, детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата, в зависимости от состояния здоровья и двигательных - 1 социальный работник.

**- В понимании людей, несведущих в профильных аспектах, социальный работник – это специалист, который, согласно утвержденному графику, навещает нуждающихся в социальной помощи людей и помогает им в быту. Но это ведь не просто визиты, а целый комплекс мер и действий, за которыми стоят конкретные показатели и результаты…**

- Да, вы совершено правы. Социальный работник – это не просто специалист, который представляется государственным органом и помогает только по незначительным бытовым вопросам. Он, прежде всего, помощник, друг, человек, который всегда выслушает, поддержит добрым словом. Социальные работники, работающие в нашей команде, поистине, выполняют свою работу с большой самоотдачей, болеют душой за дело. Каждый опекаемый ими получатель услуг занимает особое место в их сердце. И это не высокопарные слова, а действительность, ведь каждый опекаемый – это отдельная жизненная история с отдельной судьбой, это люди, которые ценят и осознают значимость социальной работы в их жизни.

Социальными работниками предоставляют 8 видов услуг, такие, как: 1. социально-бытовые; 2. социально-медицинские; 3. социально-психологические; 4. социально-педагогические; 5. социально трудовые; 6. социально-культурные; 7.социально-экономические; 8. социально-правовые услуги.

С опекаемыми проводится объемная работа: с ними проводятся психологические беседы, мы проводим с ними правовой ликбез, учим финансовой грамотности, разрабатываем специальные мероприятия для культурного и творческого развития. В стенах государственного учреждения организовываются праздничные мероприятия, чтобы каждый опекаемый чувствовал заботу о нем, осознавал, что он нужен обществу, значим и ценим.

Согласно действующему законодательству, к качеству вышеперечисленных социальных услуг предъявляется ряд требований.

**- Надежным оплотом любой профессиональной команды являются трудовые кадры. Под вашим началом работает большое количество социальных работников, кто-то работает много лет, кто-то делает первые шаги в сфере. Расскажите о своей команде подробнее?**

- Полностью соглашусь с Вами с тем, что кадровый потенциал оказывает прямое и колоссальное влияние на достижение результата. Кадры решают все – этот простой и знакомый всем призыв, актуален во все времена. Мне бы хотелось в этой статье, пользуясь случаем, выразить благодарность каждому социальному работнику за труд, старание. Умение работать в тандеме с коллегами. Деятельность, действительно, нелегкая, требующая моральной подготовки, готовности служить благородному делу. Но наши девчата справляются с работой «на ура».

В первую очередь хочу отметить наших уважаемых стажистов – социальных работников с большим трудовым стажем в сфере. Светлана Петровна Филипьева работает в системе 22 года. Она настолько проникла заботой об опекаемых ею детях с ограниченными возможностями, что всегда говорит о них с неимоверной любовью. Сегодня она работает с 4-мя детьми, все они колясочники. Светлану Петровну смело можно назвать второй мамой детей, настолько она к ним привязана. И сегодня она поддерживает связь с теми, кто уже стал взрослым.

Тамара Леонидовна Муждабаева тоже опытный социальный работник, стаж работы в сфере - 14 лет. Под ее опекой – старше 18 лет, престарелые. Всего 8 человек. Тамара Леонидовна также, как и многие ее коллеги, ведет разностороннюю работу с опекаемыми. Вместе занимаются спортом, читают книги, занимаются бисероплетением. Ведь занять опекаемых полезным делом, развить в них дополнительные способности – одна из задач социальной работы.

Работает с детьми с ограниченными возможностями и социальный работник с 20-летним стажем Салтанат Мукановна Каскеева. У этой хрупкой, милой женщины сильный характер и доброе сердце, способное окружить заботой и вниманием деток, которые так нуждаются в особом к себе отношении. Вот уже на протяжении долгих лет Салтанат умело справляется со своей нелегкой профессиональной миссией.

Больше 10 лет работают социальными работниками Светлана Дмитриевна Максимова, Гульнар Сериковна Даирова, Нуржамал Саткожевна Ахметжанова. Трудовой стаж менее 10 лет у Розы Жаксылыковны Бермухамбетовой, Натальи Петровны Ивановой, Маржан Сагындыковны Базарбаевой, Розы Магометовны Хутиевой, Светы Азизбековны Курбаниязовой, Мадины Усмановны Ужаховой. Работают в сельских округах наши уважаемые коллеги Галина Леонидовна Крапивко, Наталья Валериевна Гебгардт, Любовь Петровна Ушакова, Юлия Александровна Петрова, Татьяна Викторовна Самсонова, Надежда Яковлевна Мельникова, Антонина Анатольевна Иващенко.

Хотелось бы также отметить специалистов нашего учреждения, благодаря которым выполняется вся внутренняя работа Центра. Это: специалист по оценке Сауле Рахимбековна Камалиева, бухгалтер Диана Валихановна Аханова, делопроизводитель Айнагуль Еркеновна Даниярова.

Все мы за несколько месяцев работы стали одной сплоченной командой, которая смотрит вперед, строит перспективные планы, решает задачи.

В завершение нашего с Вами диалога хотела бы отметить, что у нас свой взгляд на будущую деятельность, мы хотим, чтобы работа приносила пользу обществу, чтобы значимость выполняемых совместных дел вносила вклад в жизнь района. Мы намерены проводить полноценные мероприятия, вовлекать общественность в сферу социальной работы, ведь этот труд должен быть оценен по достоинству.

Выражаю благодарность нашим первым спонсорам, жителям района, которые не оставили без внимания просьбу о поддержке для проведения праздничных мероприятий с опекаемыми. Это: индивидуальный предприниматель «Куриков» (магазин «Достар») и депутат районного маслихата, руководитель районного филиала Халык Банка Нуржан Толегенович Каппасов. Желаем меценатам крепкого здоровья, успехов в работе и процветания.

Мы только начинаем свой путь и у нас есть первые достижения. Мы команда влюбленных в своей дело активных и трудолюбивых работников, каждый из которых выполняет значимую для района задачу.

**- Спасибо большое за содержательную беседу! Желаем Центру успехов, хороших и интересных мероприятий, лучших трудовых показателей!**

**Беседу вела А. АМАНЖОЛОВА.**

## Саундтрек к каникулам: какая музыка звучит в наших летних плейлистах?

Лето - это не просто пора отпусков и солнечных дней, это ещё и особое настроение, которое всегда сопровождается музыкой. У каждого лета свой саундтрек, свой набор песен, которые идеально ложатся на атмосферу бесконечных дней, тёплых ночей и беззаботных приключений. Но что же объединяет наши летние плейлисты?



Ритмы свободы и безмятежности

Когда солнце припекает, а мысли заняты только планами на вечер, хочется чего-то лёгкого и запоминающегося. Именно поэтому в летних плейлистах так часто можно встретить жанры, излучающие свободу и безмятежность. Поп-музыка со своими хитами, которые быстро прилипают и заставляют пританцовывать, всегда занимает ведущее место. Думаете о пляжной вечеринке? В голове сразу всплывают летние хиты, которые идеально подходят для танцев до утра.

Но лето - это не только безудержное веселье. Для моментов уединения, например, на закате у моря или во время долгой поездки по живописным местам, мы обращаемся к более спокойным жанрам. Инди-поп, соул, а иногда и лёгкий джаз или фолк создают идеальный фон для размышлений и наслаждения красотой окружающего мира. Эти мелодии дарят ощущение покоя и гармонии, позволяя полностью погрузиться в момент.

Фестивальный дух и ночные приключения

Лето немыслимо без музыкальных фестивалей под открытым небом. От масштабных опен-эйров до уютных локальных мероприятий - эти события формируют значительную часть нашего летнего музыкального опыта. В плейлистах появляются треки артистов, которых мы открыли для себя на этих фестивалях, или песни, ассоциирующиеся с драйвом и энергией живых выступлений. Здесь доминируют электронная музыка, рок, хип-хоп - всё, что заставляет двигаться и чувствовать себя частью большого, пульсирующего потока.

Вечеринки у бассейна, посиделки у костра с друзьями, долгие прогулки по ночному городу - для каждого такого момента найдётся своя песня. Это могут быть как известные, любимые всеми композиции, так и малоизвестные треки, которые идеально подходят для конкретной ситуации. Главное, чтобы они вызывали эмоции и создавали правильную атмосферу.

Музыка, которая остаётся с нами

Особенность летних плейлистов в том, что они часто становятся своего рода музыкальным дневником. Пройдут годы, но услышав ту самую песню, вы мгновенно перенесётесь обратно в жаркие дни, полные приключений и новых впечатлений. Это не просто набор треков, это коллекция воспоминаний, звуковая карта вашего лета.

Так какая же музыка звучит в наших летних плейлистах? Ответ прост: та, что заставляет нас чувствовать жизнь, радоваться каждому моменту и мечтать о новых приключениях. Это микс из знакомых хитов и новых открытий, из танцевальных ритмов и спокойных мелодий, объединённых одним - духом самого волшебного времени года. А какие песни стали саундтреком вашего лета?

**М. АНУАРБЕК, учитель Макинской детской музыкальной школы.**

# САЙЛАУ - 2025 – ВЫБОРЫ - 2025

**Бұланды ауданының Алтынды, Амангелді,Ерголка, Никольск ауылдық округтерінің әкімдерін сайлау бойынша Алтынды, Амангелді, Никольск ауылдық округі әкімінің кезекті және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан Ерголка аумақтық сайлау округтерінің шекаралары, Бұланды аудандық аумақтық және №292, №294, №295, №296, №297, №298, №300, № 308, №310, учаскелік сайлау комиссияларының орналасқан жерлері, сайлау учаскелерінің шекаралары мен құрамдары туралы хабарлама**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 13 бабының 4 тармағына, 17 бабының 2-тармағына, 22-бабының 2 тармағына, Бұланды аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 04 маусымдағы №12/19 «Бұланды ауданының Алтынды, Амангелді, Никольск ауылдық округтерінің әкімдерін кезекті және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан Ерголка ауылдық округтері әкімдерін сайлауын тағайындау туралы» қаулысына сәйкес, Алтынды, Амангелді, Ерголка, Никольск аумақтық сайлау округтерінің шекаралары, Бұланды аудандық аумақтық және №292, №294, №295, №296, №297, №298, №300, № 308, №310 учаскелік сайлау комиссияларының орналасқан жерлері мен құрамдары туралы хабарлаймыз.

Бұланды ауданының Алтынды ауылдық округінің әкімін сайлау бойынша сайлау округі – Бұланды ауданы Алтынды ауылдық округі шекарасындағы Алтынды аумақтық сайлау округі.

Бұланды ауданының Амангелді ауылдық округінің әкімін сайлау бойынша сайлау округі – Бұланды ауданы Амангелді ауылдық округі шекарасындағы Амангелді аумақтық сайлау округі.

Бұланды ауданының Ерголка ауылдық округінің әкімін сайлау бойынша сайлау округі – Бұланды ауданы Ерголка ауылдық округі шекарасындағы Ерголка аумақтық сайлау округі.

Бұланды ауданының Никольск ауылдық округінің әкімін сайлау бойынша сайлау округі – Бұланды ауданы Никольск ауылдық округі шекарасындағы Никольск аумақтық сайлау округі.

Бұланды аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

**Орналасқан жері:** Макинск қ., Бөгенбай батыр көшесі, 21, Бұланды ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ, телефон 8 (71646) 2-24-94.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамы:төрағасы – Манарбек Болатұлы Есенғожин; төрағаның орынбасары – Роза Алтайқызы Тулебаева; хатшы – Айнагүл Қапышқызы Құрмашева; комиссия мүшелері: Бибігүл Айтжанқызы Сыздықова; Дамира Мухаметрашидқызы Алпысбаева; Аслан Шыңғысханұлы Сабеғат; Надежда Николаевна Ларионова.

**№ 292 учаскелік сайлау комиссиясы**

**Орналасқан жері:** Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Алтынды ауылы, Тұрсынбек Кәкішев көшесі, 14, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Алтынды ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 34-4-96

Шекаралары: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Алтынды ауылы, Боярка ауылы.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: төрайымы- Сәдуақасова Рауза Рахметоллақызы; төрайымның орынбасары - Бүркітбаева Шолпан Қаленқызы; хатшы - Иванова Ирина Николаевна; комиссия мүшелері - Бекенева Баян Салимбайқызы, Қасенов Сергей Мүмкінұлы.

**№ 294 учаскелік сайлау комиссиясы**

**Орналасқан жері:** Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Алакөл ауылы, Молодежная көшесі, 6, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Алакөл ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 5-41-94.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: төрайымы – Қарсыбаева Айнұр Аманбайқызы; төрайымның орынбасары – Брено Ксения Витальевна; хатшы – Қасенова Юлия Александровна; комиссия мүшелері - Давыдова Елена Александровна, Смағұлова Махаббат Садбекқызы.

**№ 295 учаскелік сайлау комиссиясы**

**Орналасқан жері:** Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Елтай ауылы, Ұялы көшесі, 6/1, «Ел Хан» қожалық-фермерлік шаруашылығының ғимараты.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: төрайымы - Қостанова Алтынгүл Мұратқызы; төрайымның орынбасары - Рамазанов Руслан Теміргалиұлы; хатшы – Құсайынова Салтанат Сағындыққыза; комиссия мүшесі - Идрисов Ханат Серікұлы, Қайырова Бибігүл Қайроллақызы.

**№ 296 учаскелік сайлау комиссиясы**

**Орналасқан жері:** Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Жаңаталап ауылы, Ақ бұлақ көшесі, 12, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Жаңаталап ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 5-40-11.

Учаскелік референдум комиссиясының құрамы: төрайымы - Айтжанова Алма Танбекқызы; төрайымның орынбасары – Исқақова Салтанат Қайроллақызы; хатшы - Кенжебаева Салтанат Джамбарқызы; комиссия мүшелері - Қалиева Ляззат Құттыбекқызы, Жүсіпова Ақшатай Қайроллақызы.

**№ 297 учаскелік сайлау комиссиясы**

**Орналасқан жері:** Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Тоқтамыс ауылы, Садовая көшесі, 10, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Тоқтамыс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 32-6-96.

Шекаралары: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Тоқтамыс ауылы, Новокиевка ауылы.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: төрағасы – Садыков Евгений Галиханович; төрағаның орынбасары – Доматай Майка; хатшы- Вертянкина Наталья Викторовна; комиссия мүшелері – Лузгин Дмитрий Павлович, Мамчур Марина Михайловна.

**№ 298 учаскелік сайлау комиссиясы**

**Орналасқан жері:** Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Ивановка ауылы, Степная көшесі, 12, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Ивановка ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 5-39-35.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: төрайымы – Улинич Наталья Александровна; төрайымның орынбасары – Скиба Юрий Николаевич; хатшы – Барышникова Надежда Николаевна; комиссия мүшелері – Герман Наталья Ивановна, Кальтенбергер Евгения Владимировна.

**№ 300 учаскелік сайлау комиссиясы**

**Орналасқан жері:** Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Гордеевка ауылы, Центральная көшесі, 24, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Гордеевка ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 5-32-52.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: төрағасы - Богданов Николай Витальевич; төрағаның орынбасары – Молодцова Валентина Владимировна; хатшы – Богданова Екатерина Вячеславовна; комиссия мүшелері – Селенок Оксана Викторовна, Алексеева Антонина Михайловна.

**№ 308 учаскелік сайлау комиссиясы**

**Орналасқан жері:** Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Партизанка ауылы, Мәншүк Мәметова атындағы көшесі, 13 А, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Партизанка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 35-3-83.

Шекаралары: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Партизанка ауылы, Ортақшіл ауылы.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: төрағасы – Шабдаров Серікбай Қабиденұлы; төрағаның орынбасары – Кушкенова Динара Батырбекқызы; хатшы – Егеубаева Карина Сүлейменқызы; комиссия мүшелері – Дарбаева Замзагүл Шалабайқызы, Ротарь Ольга Викторовна.

**№ 310 учаскелік сайлау комиссиясы**

**Орналасқан жері:** Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Никольск ауылы, Советская көшесі, 5 А, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Никольск ауылының № 1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 31-1-26.

Шекаралары: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Никольск ауылы, Ұлтұған ауылы.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: төрағасы – Аймихан Мырзабек; төрағаның орынбасары – Целковская Наталья Андреевна; хатшы – Жахмаш Өнер; комиссия мүшелері – Қарағұлов Қанат Қойшанұлы; Куцевалова Татьяна Николаевна.

**Бұланды ауданнының әкімі А. СМАЙЫЛОВ.**
**Бұланды аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы М. ЕСЕНҒОЖИН.**

---

**Сообщение о границах Алтындынского, Амангельдинского, Ергольского Никольского территориальных избирательных округов по очередным выборам акима Алтындынского, Амангельдинского, Никольского сельских округов и досрочно прекратившего полномочия акима Ергольского сельского округа Буландынского района, границы избирательных участков, местонахождение и составы Буландынской районной территориальной и участковых избирательных комиссий № 292, № 294, № 295, № 296, № 297, № 298, № 300, № 308, № 310.**

В соответствии с п.4. статьи 13, п.2 статьи 17, п.2. статьи 22 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», постановлением Буландынской районной территориальной избирательной комиссии №12/19 от 04 июня 2025 года «О назначении очередных выборов акимов Алтындынского, Амангельдинского, Никольского сельских округов и досрочно прекратившего полномочия акима Ергольского сельского округа Буландынского района», сообщаем о границах Алтындынского, Амангельдинского, Никольского, Ергольского территориальных избирательных округов, местах нахождения и составах Буландынской районной территориальной и участковых избирательных комиссий №292, №294, №295, №296, №297, №298, №300, № 308, №310.

Избирательный округ по выборам акима Алтындынского сельского округа Буландынского района – Алтындынский территориальный избирательный округ в границах Алтындынского сельского округа Буландынского района.

Избирательный округ по выборам акима Амангельдинского сельского округа Буландынского района – Амангельдинский территориальный избирательный округ в границах Амангельдинского сельского округа Буландынского района.

Избирательный округ по выборам акима Ергольского сельского округа Буландынского района – Ергольский территориальный избирательный округ в границах Ергольского сельского округа Буландынского района.

Избирательный округ по выборам акима Никольского сельского округа Буландынского района – Никольский территориальный избирательный округ в границах Никольского сельского округа Буландынского района.

Буландынская районная территориальная избирательная комиссия

**Местонахождение:** город Макинск, улица Богенбая батыра, 21, КГУ «Централизованная библиотечная система» отдела культуры, развития языков, физической культуры и спорта Буландынского района, телефон 8(71646) 2-24-94.

Состав районной территориальной комиссии: председатель – Есенгожин Манарбек Болатович; заместитель председателя – Тулебаева Роза Алтаевна; секретарь – Курмашева Айнагуль Капышевна; члены комиссии: Сыздыкова Бибигуль Айтжановна; Алпысбаева Дамира Мухаметрашидовна; Сабегат Аслан Шингисханулы; Ларионова Надежда Николаевна.

**Участковая избирательная комиссия № 292**

**Местонахождение:** Акмолинская область, Буландынский район, село Алтынды, улица Турсынбек Какишев, 14, здание коммунального государственного учреждения «Общеобразовательная школа села Алтынды отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области», телефон 34-4-96.

Границы: Акмолинская область, Буландынский район, село Алтынды, село Боярка.

Состав участковой комиссии избирательной: председатель – Садвакасова Рауза Рахметоллловна; заместитель председателя – Буркитбаева Шолпан Каленовна; секретарь – Иванова Ирина Николаевна; члены комиссии – Бекенева Баян Салимбаевна; Касенов Сергей Мумкинович.

**Участковая избирательная комиссия № 294**

**Местонахождение:** Акмолинская область, Буландынский район, село Алаколь, улица Молодежная, 6, здание коммунального государственного учреждения «Основная средняя школа села Алаколь отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области», телефон 5-41-94.

Состав участковой комиссии избирательной: председатель – Карсыбаева Айнур Аманбайкызы; заместитель председателя – Брено Ксения Витальевна; секретарь – Касенова Юлия Александровна; члены комиссии Давыдова Елена Александровна, Смагулова Махаббат Садбековна.

**Участковая избирательная комиссия № 295**

**Местонахождение:** Акмолинская область, Буландынский район, село Ельтай, улица Уялы, 6/1, здание крестьянско-фермерского хозяйства «Ел Хан», телефон 5-40-99.

Состав участковой избирательной комиссии: председатель – Костанова Алтынгуль Муратовна; заместитель председателя – Рамазанов Руслан Темиргалиевич; секретарь - Кусаинова Салтанат Сагындыковна; члены комиссии - Идрисов Ханат Серикович, Каирова Бибигуль Кайроллиновна.

**Участковая избирательная комиссия № 296**

**Местонахождение:** Акмолинская область, Буландынский район, село Жанаталап, улица Ак Булак, 12, здание коммунального государственного учреждения «Начальная школа села Жанаталап отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области», телефон 5-40-11.

Состав участковой комиссии избирательной: председатель – Айтжанова Алма Танбековна; заместитель председателя – Искакова Салтанат Кайролловна; секретарь – Кенжебаева Салтанат Джамбаровна; члены комиссии – Калиева Ляззат Куттыбековна, Жусупова Акшатай Каиролловна.

**Участковая избирательная комиссия № 297**

**Местонахождение:** Акмолинская область, Буландынский район, село Токтамыс, улица Садовая, 10, здание коммунального государственного учреждения «Общеобразовательная школа села Токтамыс отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области», телефон 32-6-96.

Границы: Акмолинская область, Буландынский район, село Токтамыс, село Новокиевка.

Состав участковой комиссии избирательной: председатель – Садыков Евгений Галиханович; заместитель председателя – Доматай Майка; секретарь – Вертянкина Наталья Викторовна; члены комиссии – Лузгин Дмитрий Павлович, Мамчур Марина Михайловна.

**Участковая избирательная комиссия № 298**

**Местонахождение:** Акмолинская область, Буландынский район, село Ивановка, улица Степная, 12, здание коммунального государственного учреждения «Начальная школа села Ивановка отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области», телефон 5-39-35.

Состав участковой комиссии избирательной: председатель – Улинич Наталья Александровна; заместитель председателя – Скиба Юрий Николаевич; секретарь – Барышникова Надежда Николаевна; члены комиссии – Герман Наталья Ивановна, Кальтенбергер Евгения Владимировна.

**Участковая избирательная комиссия № 300**

**Местонахождение:** Акмолинская область, Буландынский район, село Гордеевка, улица Центральная, 24, здание коммунального государственного учреждения «Основная средняя школа села Гордеевка отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области», телефон 5-32-52.

Состав участковой комиссии избирательной: председатель – Богданов Николай Витальевич; заместитель председателя – Молодцова Валентина Владимировна; секретарь – Богданова Екатерина Вячеславовна; члены комиссии – Селенок Оксана Викторовна, Алексеева Антонина Михайловна.

**Участковая избирательная комиссия № 308**

**Местонахождение:** Акмолинская область, Буландынский район, село Партизанка, улица имени Маншук Маметовой, 13 А, здание коммунального государственного учреждения «Общеобразовательная школа села Партизанка отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области», телефон 35-3-83.

Границы: Акмолинская область, Буландынский район, село Орткашиль, село Партизанка.

Состав участковой комиссии избирательной: председатель – Шабдаров Серикбай Кабиденович; заместитель председателя – Кушкенова Динара Батырбековна; секретарь – Егеубаева Карина Сүлейменовна; члены комиссии – Дарбаева Замзагуль Шалабаевна; Ротарь Ольга Викторовна.

**Участковая избирательная комиссия № 310**

**Местонахождение:** Акмолинская область, Буландынский район, село Никольское, улица Советская, 5А, здание коммунального государственного учреждения «Общеобразовательная школа № 1 села Никольское отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области», телефон 31-1-26.

Границы: Акмолинская область, Буландынский район, село Никольское, село Ултуган.

Состав участковой комиссии избирательной: председатель – Аймихан Мырзабек; заместитель председателя – Целковская Наталья Андреевна; секретарь – Жахмаш Онер; члены комиссии – Карагулов Канат Койшанович; Куцевалова Татьяна Николаевна.

**Аким Буландынского района А. СМАИЛОВ.**
**Председатель Буландынской районной территориальной комиссии М. ЕСЕНГОЖИН.**

# МЕДИЦИНА КӘСІБІ – АДАМГЕРШІЛІКТІҢ АСЫЛЫ

## Зор тәжірибе жинақтаған кәсіби маман



Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының бұйрығымен Алтыбаев Марат Жамкенұлы Бұланды аудандық ауруханасының бас дәрігері болып тағайындалды. Алтыбаев Марат Жамкенұлы 1971 жылы дүниеге келген. 2000 жылы Ақмола мемлекеттік медициналық академиясын «Педиатрия» мамандығы бойынша бітірген. 2001 жылы балалар хирургиясы мамандығы бойынша интернатураны тәмамдады. 2002–2003 жылдары Астана қаласындағы №2 қалалық балалар ауруханасында хирург болып жұмыс істеді. 2003 жылдан бастап Бұланды аудандық орталық ауруханасында фтизиатр-педиатр, кейіннен ересектермен жұмыс істейтін фтизиатр болып қызмет атқарды. Өз саласында жоғары кәсіби біліктілігімен ерекшеленген Марат Жамкенұлы көптеген күрделі медициналық жағдайлар мен науқастарды емдеуде зор тәжірибе жинақтаған. Оның пациенттерге деген шынайы қамқорлығы мен кәсіби шеберлігі әрдайым жоғары бағаланып келеді. Сонымен қатар, ол жаңа медициналық технологиялар мен әдістемелерді енгізуге үлкен көңіл бөледі, бұл оның жұмысындағы сапаны арттыруға және науқастарға көмек көрсету деңгейін жоғарылатуға септігін тигізеді. 2016 жылдан бері денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық жергілікті кәсіподақ ұйымының төрағасы. 2023 жылдан бастап аудандық мәслихаттың VIII шақырылымының депутаты, сондай-ақ аудандық туберкулезге қарсы қызметтің үйлестірушісі. Жалпы медициналық еңбек өтілі — 21 жыл. Өзінің ұзақ жылдар бойы жинақтаған тәжірибесі мен кәсіби біліктілігі арқасында ол медициналық салада айтарлықтай жетістіктерге жетіп, әріптестерінің арасында құрметке ие.

***Құрметті әріптестер, ардақты ақ халатты абзал жандар, ауданымыздың медицина саласының ардагерлері мен қызметкерлері!***

Маусым айының үшінші жексенбісі Қазақстан медицина қызметкерлерінің төл мерекесі. Сіздерді осы кәсіптік мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Адам өмірін ұзартуға септігін тигізіп, ажалдан арашалаушы дәрігер мамандығын халқымыз ежелден қастерлеп, құрметтеген. Бүгінгі таңда қазақстандықтардың денсаулығын жақсарту – еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі. Елімізде денсаулық саласын дамыту, тұрғындарға заман талабына сай, қолжетімді және сапалы медициналық қызмет көрсету жолында бар мүмкіндіктер жасалуда.

Құрметті медицина қызметкерлері! Ерен еңбектеріңізге, шипалы алақандарыңызға, мейірімді жүректеріңізге алғысымыз шексіз. Еңбектеріңіз халыққа қуаныш сыйлап, өздеріңізді нұрға бөлесін. Сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, күш - жігер, баянды бақыт пен жаңа табыстар тілей отырып, кәсіби біліктіліктеріңіздің арқасында биік асулардан көріне беріңіздер деген тілегімді білдіремін

**Құрметпен, аудандық ауруханасының бас дәрігері Марат Алтыбаев.**

* * *

***Уважаемые коллеги, дорогие ветераны и работники сферы здравоохранения района!***

Примите самые искренние поздравления с нашим профессиональным праздником - Днем медицинского работника!

Специальность, которую мы избрали, нелегка. Каждый день мы принимаем трудные решения, каждую минуту ощущаем груз ответственности за здоровье и жизнь людей, а значит, за счастье и благополучие их близких. Желаю вам, чтобы этот непростой, но благородный выбор: раз и навсегда связать свою жизнь с медициной - никогда не разочаровал вас, не заставил усомниться в себе, был вознагражден искренней благодарностью пациентов и высокой оценкой вашего профессионализма.

Ответственность, душевная щедрость, милосердие, умение забыть о себе и отдать все силы, чтобы спасти другого, - этим качествам медиков аплодирует весь земной шар. Спасибо вам за трудолюбие, готовность вкладывать душу в наше общее дело — продлевать жизни и делать их более счастливыми.

Желаю вам взаимного уважения, признания коллег, доверия пациентов, благодарности руководства, гармонии и тепла в семье, уюта и мира в доме. Каждый из вас – патриот своей малой родины, оставайтесь верными своим принципам, любите свою работу, вносите вклад в социально-экономическое развитие района, и пусть крепким будет ваше собственное здоровье, благополучным семейный очаг, радостью наполнен каждый день вашей жизни!

**С уважением, главный врач районной больницы Марат Алтыбаев.**

## Благородный труд, требующий самоотверженности, чистоты духа и помыслов

***Традиционно в третье воскресенье июня отмечается День медицинского работника. Это праздник тех, кто посвятил себя ответственному и благородному делу - исцелять ближних от недугов, возвращать к жизни больных и немощных, страждущих душой и телом. На протяжении всего жизненного пути рядом с нами находитесь вы, люди в белых халатах. Ваше умение и опыт, ваша человечность, бескорыстие, самоотверженность сделали профессию медика одной из самых уважаемых в обществе. Профессия врача всегда была и остается самой гуманной профессией среди множества других. Врачи, медицинские сестры и санитары, фельдшеры и фармацевты ежедневно несут бремя огромной ответственности за каждого человека, встают на пути у недуга, помогают обрести здоровье, жизненные силы и уверенность в себе. У каждого из нас найдется немало теплых слов благодарности за ваш нелегкий труд, сострадание и готовность в любую минуту прийти на помощь.***



Хирург районной больницы – врач-универсал, ведь с различными травмами, осложнениями и острыми приступами люди попадают к хирургам. В любое время дня и ночи хирург должен быть наготове к срочному вызову: таков профиль работы.

Более сорока лет в Буландынской районной больнице трудится талантливый хирург и высококлассный специалист Тайбасар Толегенович Садвакасов.

Тайбасар Толегенович – уроженец села Макпал Енбекшильдерского района. Трудовую деятельность начал в Буландынской районной больнице в 1984 году после окончания Целиноградского государственного медицинского института. И вот, на протяжении 38 лет он остается верен выбранной профессии. Имеет звание «Почетный гражданин Буландынского района». Высокие награды: награда «Өз ісіне адалдығы және қажырлығы», медали «ҚР Тәуелсіздігінің 20 жыл», «Шапағат». Но самое главное достижение хирурга – уважение земляков и благодарность пациентов.

Верной спутницей жизни Тайбасара Толегеновича, коллегой по работе и лучшим мотиватором является его супруга Торгай Жаманбаевна, заместитель главного врача Буландынской районной больницы по лечебной работе.

* * *



Врач психиатр-нарколог высшей квалификационной категории Буландынской районной больницы Александр Федорович Мотрошилов – один из уважаемых людей в районе. Несомненно, Александру Федоровичу присущи истинные качества настоящего Доктора, а служение профессии стало настоящим призванием. Он состоялся как преданный своей работе врач, с большой ответственностью и профессионализмом организующий психиатрическую и наркологическую помощь в районе. Многим пациентам он помог не только как медицинский работник, а как человек с житейской мудростью и доброжелательностью.

* * *

Заведующий районной поликлиной Буландынской районной больницы Кенжебулат Рапекович Маулинбергенов личность, известная в медицинских кругах не только в масштабе района. Все его знают, как одного из опытных врачей, который, за годы работы, снискал уважение коллег и земляков.



Кенжебулат Рапекович выпускник Акмолинского государственного медицинского института по специальности «Лечебное дело». Начинал трудовой путь терапевтом Медсанчасти-8, работал заместителем главного врача по лечебно-профилактической работе Буландынской районной поликлиники, возглавлял терапевтическую службу поликлиники.

В 2025 году ему присвоена высшая квалификационная категория по специальности «Терапия». Несет ответственность за онкологическую службу района. Общий медицинский стаж 31 год. Несмотря на служебную занятость Кенжебулат Рапекович всегда находит время для общественной жизни больницы, участвует во врачебных конференциях. Неоднократно награждался благодарностями, грамотами.

* * *



Районный врач педиатр-неонатолог, заведующая детским отделением районной больницы Татьяна Владимировна Доронина внесла значительный вклад в развитие системы социальной защиты здравоохранения района. Выпускница Акмолинского государственного медицинского института по специальности «Педиатрия». В Буландынской районной больнице работает с 2003 года, с 16 октября 2012 года переведена заведующей детским отделением, где и работает по настоящее время.

Имеет большой опыт медицинской работы. Профессиональна, отличается способностью критически мыслить и методически правильно оказывать помощь больным. Осуществляет диагностику и лечение заболеваний в соответствии с алгоритмами, достижений доказательной медицины.

* * *



Врач-окулист районной больницы Светлана Николаевна Рылова имеет трудовой стаж порядка 25 лет. После окончания Акмолинской государственной медицинской академии по специальности «Педиатрия», Светлана Николаевна работала сначала на скорой помощи. Позже стала работать педиатром, а в 2015 году выучилась на окулиста. Какое-то время в связи с нехваткой врачей в районной больнице ей пришлось совмещать и работу педиатра, и работу окулиста.

Светлана Николаевна – врач, преданный своей работе и профессионал, для которого результат работы – превыше всего.

**(Продолжение на 5 стр.)**

# МЕДИЦИНА – САМАЯ БЛАГОРОДНАЯ ИЗ ВСЕХ ИСКУССТВ

## Благородный труд, требующий самоотверженности, чистоты духа и помыслов

(Продолжение, начало на 4 стр.).



Заместитель главного врача по первично медико-санитарной помощи, врач-терапевт Александр Владимирович Савченко – ровесник Независимости, приехал в Буландынский район из Степногорска вместе с родителями. Выпускник школы-гимназии после ее окончания в 2016 году закончил «Медицинский университет Астана» по специальности «Общая медицина». Александр Владимирович, несмотря на молодой возраст, зарекомендовал себя грамотным, добросовестным и ответственным специалистом. Коллеги и пациенты уважают его за профессионализм, чуткое отношение к своим обязанностям. Обладатель множества наград и поощрений.

* * *



Марина Анатольевна Пунченко – медицинский работник сельской врачебной амбулатории села Журавлевка. После окончания Журавлевской средней школы училась в г. Целинограде с 1984 по 1987 год в Целиноградском государственном медицинском училище по специальности акушерка. После окончания, по распределению, в 1988 году приехала работать в свое родное село Журавлевка и до этого времени так и работает акушеркой, имеет высшую категорию.

* * *



Санитарка хирургического отделения Екатерина Ивановна Давыдова – уроженка г. Макинска, училась в школе-гимназии. После школы работала в Степгеологии техником-картографом и оператором копировальных машин. После ликвидации Степгеологии пошла работать в больницу, в хирургическое отделение. В этом сложном отделении Екатерина Ивановна проработала 22 года. Наша героиня с теплотой и любовью относится к отделению, ставшее для нее за все годы родным. Считает, что именно в нем трудятся профессиональные кадры, благодаря которым людям восстанавливают самое ценное – здоровье, а многим возвращают жизнь.

* * *

Медицинским работником во втором поколении является постовая медицинская сестра хирургического отделения Клара Негметжановна Бурумбаева, которая, как и ее сестра продолжила благородное дело жизни матери. Выпускница Атбасарского медицинского колледжа Клара Негметжановна начала трудовой путь в 1995 году. Работала в терапевтическом отделении, а в хирургии трудится уже почти 10 лет. Отрадно, что продолжателем семейных трудовых традиций и почти состоявшимся медицинским работником в третьем поколении является дочь нашей героини Лаура, которая сегодня обучается на 4 курсе Карагандинской медицинской академии. Клара



Негметжановна – профессиональный работник районной сферы здравоохранения, которая, как и многие ее коллеги, вносит достойный вклад в ее развитие.

* * *



Бок о бок, плечом к плечу с профессиональными медицинскими работниками трудится в отделении дневного стационара фельдшер Жандос Каужан – выпускник Кокшетауского высшего медицинского колледжа. Жандос начал свою трудовую деятельность в 2022 году: молодого специалиста, обучившегося на государственном гранте, направили в Буландынскую районную больницу. Сегодня это подающий надежды молодой специалист, который выбрал гуманную профессию по зову сердца.

* * *



Всего лишь одна запись в трудовой книжке у медицинской сестры реанимационного отделения районной больницы Кульбаршин Калиевны Хасеновой. В 1992 году, после окончания факультета медицинских сестер при Целиноградском государственном медицинском институте она была принята на работу в Буландынскую районную больницу, медицинской сестрой в реанимационное отделение. И с тех самых пор она остается верна и своей профессии, и своему родному отделению. За тридцать три года профессиональной деятельности работа в одном из стратегических отделений больницы стала частью жизни.

* * *

*Представители сферы здравоохранения всегда пользовались особым уважением и почетом за то, что посвятили себя благороднейшему делу - заботе о здоровье человека. Эта миссия сложна и ответственна, а труд требует полной самоотдачи, сил, опыта, знаний, стойкости, душевной щедрости, милосердия, а нередко и самопожертвования. Каждый рабочий день медицинского работника – это новая непростая задача, связанная с сохранением здоровья наших граждан, возвращением людей к полноценной жизни.*

*Бесспорно, что самое современное медицинское оборудование и новейшие технологии не принесут пользу без участия работников медицины, потому что наиболее важное в медицине, как и в любой другой профессии, - люди, обладающие компетентными знаниями и наделенные чувством глубокой ответственности.*

*Спасибо вам за преданность делу, за честную и добросовестную работу! Низкий поклон - за бессонные ночи и спасенные жизни, за ваши умелые руки и добрые сердца! Отдельная благодарность ветеранам отрасли, а также тем медицинским работникам, которые только начинают свой трудовой путь, получив в руки долгожданные дипломы.*

*Низкий поклон каждому представителю профессии за преданность своему делу, высокое мастерство, ответственность, неравнодушие. Поздравляя с профессиональным праздником, желаем крепкого здоровья, благополучия, сил и энергии!*

**А. АМАНЖОЛОВА.**

## Денің сау болсын десең...

Адам денсаулығын статистикалық деректерге сүйене отырып зерттеген дүние жүзілік ғалымдар мынадай ортақ пікірге келеді. Оның ішінде 50 пайызы – адамның өмір сүру салтына, 20 пайызы – тұқым қуалаушыққа, 20 пайызы – сыртқы ортаға және 10 пайызы ғана медицинаға байланысты екен.

Денсаулығымыздың тең жартысын құрап тұрған өмір сүру салтына келіп тіреледі. Өмір сүру салты адам дүниеге келген сәтінен басталып соңына дейін жалғасады. Туа сала басталады дейтініміз алғашқы кездегі баланың денсаулығы ана сүтіне тікелей байланысты. Сол себепті нәрестені туа сала анасының кеудесіне бермесе, ол қажетті уызға жарымай қалады дейді. Ал, ана сүтінің уызында балаға қажетті қоректік заттармен қатар, түрлі жұқпалы ауруға қарсы күресетін антиденелер де бар. Ғалымдар ана сүтін қанша зерттегенімен, ана сүтінің стерильділігі мен қарынға жағымды жылылығын айтпағанда, оны нақты алмастыратын табиғи немесе жасанды сүт құрамын таба алмай отыр. Сондықтан, баланы кем дегенде бір жасқа толғанша ана сүтінен айырмаған дұрыс. Жас нәрестені күтуде күн сәулесі мен таза ауаға шығару да ерекше орынға ие, күн сәулесі нәресте терісі арқылы түзілетін «Д» витаминіне жағымды әсер етсе, таза ауа бала организмін аса қажетті микроэлементтермен қамтемелеуге әсер етеді. Әсіресе, қазақ ұлтының ауылдық жерлерінде көп кездесетін балалардың рахит ауруы (оны баланың желке шаштарының түсуі мен өсе келе аяғының қисаюынан анық білуге болады), осы жағдайларды өз дәрежесінде ескермеуден болады. Қазіргі кезде, баланың денсаулығына қатты мән беретін дағдылар, олар дұрыс күн тәртібін қалыптастыру мен тістерін күтуді үйрету мен қадағалау. Кемінде 8 сағат ұйықтамаған, соның ішінде түнгі ұйқымен ұйқысын қандырмаған баланың білім алуға деген қабілеті төмендейді. Сонымен қатар бала түнгі ұйқыға сағат 21.00-ден көп аспай, ең әрі кеткенде сағат 22.00-ге дейін жатуы керек. Өйткені, ғалымдардың зерттеулері бойынша ең терең ұйқы болып, түнгі 00.00-ге дейінгі ұйқы уақыты саналады екен.

Күннің көзі шыққаннан кейінгі ұйқылар қанша ұзартылса да, түнгі ұйқыға жетпейді. Өмір сүру салтында ең бірінші және маңызды болып саналатын дағды, ол – дұрыс ұйқы. Соның ішінде түнгі сағат 22.00-ге дейін ұйықтауды жүйелендіріп қалыпқа келтірген дұрыс. Сондай-ақ тіс саулығы да маңызды рөл атқарады. 32 тіс сау болып, ас дұрыс шайналып, өз дәрежесінде ұнтақталатын болса, ішек-қарындардағы ас қорыту жүйесінің жұмысы жеңілдейді. Ал ас қорыту жүйесі жұмысының дұрыс болуы, организмге керек аса қажетті заттар мен витаминдерді, әрине жейтін тағамымыздың құнарлығына байланысты, қанымызға өз дәрежесінде жеткізіп берудің кепілі болып саналады.

Мұнан өзге баланың өсе дене шынықтыру мен спортпен айналысуына көңіл бөлу керек. Дене шынықтыру тірек-қозғалыс аппараты, жүрек-қантамыр жүйесі және тағы басқа органдардың жетілуіне жақсы әсер етсе, спорт бос уақытын тиімді өткізуге, сонымен қатар өзін-өзі қорғауына, денсаулығының одан әрі нығаюына әсер етеді.

Есейген шақта, ең бастысы денсаулығымызға кері әсер ететін жаман әдеттерден (темекі тарту, алкогольдік ішімдіктер ішу және т.б.) аулақ болған жөн. Өйткені, осы жаман әдеттер, соның ішінде темекі мен алкогольді заттарға шектен тыс әуес болу, денсаулығымызды дұрыстауға тырысқан игі істі мейлінше кері шегеретінін ұмытпауымыз тиіс. Ұдайы шылым шегу дағдысының зардабы, басқа органдарға келтіретін зияндылықтарын айтпағанда, тыныс алу органдарының, соның ішінде қолқаның жұмысын қайтіп орнына келместей бұзып, ақыры өкпе рагіне шалдықтыруы әбден мүмкін. Ал адамның алкогольді жүйелі тұтыну арқылы өзін алкоголизм ауруына шалдықтыруын, өз өмірін өз еркімен қорлыққа бұрды деп санаса да болады.

Бізге тағы аса қажетті дағдының бірі – дұрыс тамақтану. Өйткені, дұрыс тамақтану ересектерге өнімді еңбек ету, балаларға дұрыс жетіліп жақсы білім алу үшін, сонымен қатар оларға түрлі ауруларға, суықтарға, табиғаттың басқа да тосын жағдайларына төтеп беруі үшін керек. Мұндай тамақтану түрін медицинада рациональдық тамақтану деп атайды. Рациональдық тамақтану энергетикалық тепе-теңділікті, баланстық қоректікті және тамақтану режимін сақтаудан тұрады. Осы аталған тамақтану талаптарын сақтамасақ, организмнің қалыпты жұмыс жасауы бұзылып, түрлі аурулардың пайда болуына жол ашылады.

**А. САҒЫНТАЙ.**

# АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ – НОВОСТИ НЕДЕЛИ

## Қоршаған ортаны қорғау – ортақ міндетіміз

Аудан орталығында Экологтар күні мен дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай "Таза Қазақстан" акциясы өтті.

Аудан әкімі Ардақ Смайылов осындай шаралар экожүйені сақтаудың маңыздылығын еске түсіретінін және қоршаған ортаның жай-күйіне қамқорлық жасаудың құндылығын арттыратынын атап өтті.

Сонымен қатар, шара барысында аудан басшысы Ардақ Дулатұлы биылғы су тасқыны кезеңінде жергілікті атқарушы органға және тұрғындарға қол ұшын созып, қолдау көрсеткендері үшін бір қатар кәсіпкерлерге өз атынан алғыс хаттар табыс етті.

Ауданымызда жалпы ұлттық экологиялық акцияны өткізу арқылы табиғат анаға деген шексіз махаббат пен қоқысты жинастыру мәдениетін қалыптастыру ісіне үлес қосылады десек артық айтпаймыз.

Бүгінде ауданда жастармен қатар, мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің де экологиялық акцияға қатысу белсенділігі күн санап артып, өздеріне тиісті аймақтарды қоқыс қалдығынан тазартуда.

Қазақтың «атадан мал қалғанша тал қалсын» - деген аталы сөзі аталмыш акциямен үндесіп жатқандай. Алдағы уақытта тек ресми түрде ғана өткізілмей, үздіксіз түрде өткізілсе нұр үстіне болар еді. Өйткені туған жерді аялап, күтіп ұстау өзіміздің қолымызда!

**А. АМАНЖОЛОВА.**







## Быть государственным служащим – большая честь и достоинство

Государственная служба - имидж государственного аппарата. Поэтому служащий должен обладать высокой профессиональной квалификацией и высокими нравственными качествами.

Главная задача государственного служащего - добросовестно служить народу. Его нельзя забыть ни в коем случае. Все, кто приходит на государственную службу, должны помнить, что они служат простому народу. Его основная деятельность - работа на благо народа, создание благоприятных условий для страны.

Этический кодекс государственных служащих Республики Казахстан устанавливает стандарты служебной этики государственных служащих и направлен на укрепление доверия общества к государственным органам, формирование высокой культуры взаимоотношений и атмосферы добропорядочности на государственной службе, а также предупреждение состояния неэтичного поведения государственных служащих.

Этика государственных служащих основана на шести принципах. Это добросовестность, честность, справедливость, открытость, вежливость и клиентоориентированность.

Государственные служащие должны быть максимально гибкими в работе с населением, быть готовыми к работе с общественностью и обеспечивать прозрачность своей работы.

Борьбу с коррупцией в пределах своей компетенции обязаны вести все государственные органы и должностные лица. На постоянной основе ведется профилактическая работа среди сотрудников государственных органов по соблюдению антикоррупционного законодательства и требований Этического кодекса. Ведь несение государственной службы является выражением особого доверия со стороны общества и государства, предъявляет высокие требования к нравственности, морально-этическому облику сотрудников. Госслужащий должен понимать всю значимость своей работы, быть патриотом своей страны и принимать все меры для поднятия имиджа государственной службы.

Формирование положительного имиджа государственного служащего предполагает идеологические, политические и культурные аспекты. Это сложный и длительный процесс. Работа и поведение государственного служащего в глазах общественности. Поэтому можно сказать, что его репутация - это авторитет государства. Глядя на работу государственных служащих и руководителей государственных органов власти в целом, народ дает оценку власти. Из этого можно заметить большую ответственность, возложенную на госслужащих.

**К. ИСМАГАМБЕТОВА, уполномоченная по этике аппарата акима Буландынского района.**

## 2025 жылғы 13 шілдеге тағайындалған Алтынды, Амангелді, Никольск ауылдық округтері әкімдерінің кезекті және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан Ерголка ауылдық округі әкімінің сайлауы кезінде үгіттік баспа материалдарды орналастыру үшін орындар (2024 жылғы 22 қазандағы № А-10/333 Бұланды ауданы әкімдігінің қаулысына сәйкес)

| № | Елді мекеннің атауы | Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар |
|---|---|---|
| 1. | Алтынды ауылы | Тұрсынбек Кәкішев көшесі, 14, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Алтынды ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында |
| 2. | Алакөл ауылы | Молодежная көшесі, 6, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Алакөл ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында |
| 3. | Елтай ауылы | Ұялы көшесі, 6/1, әкімшілік ғимаратының жанында |
| 4. | Жаңаталап ауылы | Ақ бұлақ көшесі, 12, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Жаңаталап ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында |
| 5 | Партизанка ауылы | Мәншүк Мәметова атындағы көшесі, 13 А, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Партизанка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында |
| 6 | Никольск ауылы | Советская көшесі, 5 А, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Никольск ауылының № 1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында |
| 7 | Тоқтамыс ауылы | Садовая көшесі, 10, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Тоқтамыс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында |
| 8 | Иванковка ауылы | Степная көшесі, 12, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Иванковка ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында |
| 9 | Гордеевка ауылы | Центральная көшесі, 24, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Гордеевка ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында |

## Места для размещения агитационных печатных материалов в период проведения очередных выборов акима Алтындынского, Амангельдинского, Никольского сельских округов и досрочно прекратившего полномочия акима Ергольского сельского округа, назначенных на 13 июля 2025 года (согласно постановление акимата Буландынского района от 22 октября 2024 года № А-10/333)

| № | Наименование населенного пункта | Места для размещения агитационных печатных изданий для всех кандидатов |
|---|---|---|
| 1 | село Алтынды | улица Турсынбек Какишев, 14, у здания коммунального государственного учреждения «Общеобразовательная школа села Алтынды отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области» |
| 2 | село Алаколь | улица Молодежная, 6, у здания коммунального государственного учреждения «Основная средняя школа села Алаколь отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области» |
| 3 | село Ельтай | улица Уялы, 6/1, у административного здания |
| 4 | село Жанаталап | улица Ак Булак, 12, у здания коммунального государственного учреждения «Начальная школа села Жанаталап отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области» |
| 5 | село Партизанка | улица имени Маншук Маметовой, 13 А, у здания коммунального государственного учреждения «Общеобразовательная школа села Партизанка отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области» |
| 6 | село Никольское | улица Советская, 5А, у здания коммунального государственного учреждения «Общеобразовательная школа № 1 села Никольское отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области» |
| 7 | село Токтамыс | улица Садовая, 10, у здания коммунального государственного учреждения «Общеобразовательная школа села Токтамыс отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области» |
| 8 | село Иванковка | улица Степная, 12, у здания коммунального государственного учреждения «Начальная школа села Иванковка отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области» |
| 9 | село Гордеевка | улица Центральная, 24, у здания коммунального государственного учреждения «Основная средняя школа села Гордеевка отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области» |

# МЕМЛЕКЕТТІК САЛА – ГОСУДАРСТВЕННАЯ СФЕРА

## Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі – кәсіпкерлікке жағдай жасаудың құралы

2024 жылы Ақмола облысында 8 миллионға жуық мемлекеттік қызметтер көрсетілді. Қызметтердің біраз түрі кәсіпкерлік жүргізу үшін ерекше маңызды сипақта ие, олар: құрылыс кезінде рұқсаттар беру, субсидияландыру, жер учаскелерін ресімдеу және тағы басқалары.

Әрине, олардың басым көпшілігін азаматтар қандай да бір проблемасыз өздері жоспарлаған түрде оңайлықпен алып жатады. Дегенмен, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментіне түсіп жатқан қызмет алушылардың арыз-шағымдары көрсеткендей, бір проблемалық жағдайдың өзі әлеуетті аса жоғары инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуына қауіп тудыруы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 17 шілдедегі № 602 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының мемлекеттік қызметті одан әрі дамыту бөлімінде мемлекеттік қызметтің сервистілік және клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделген моделіне көшу мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқының клиентке бағдарланған моделін бекітетін құқықтық нормаларды белгілеу арқылы қамтамасыз етілетіндігі, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамада көрсетілген, қызметкерлерге емес, әкімшілік рәсімдерге қойылатын талаптарды айқындау әрекеттері күтілген нәтижелерді бере алмағандығы аталған.

Дегенмен осы уақыттағы заңнамалық актілердегі өзгерістер мемлекеттік органдар үшін клиентке бағдарлану қағидаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік беріп, даулы жағдайларда қызмет алушылардың, олардың ішінде кәсіпкерлердің бұзылған құқытарын тиімді қалпына келтіру үшін жағдайлар жасауда.

Мысалға, Департаментке «Зеренді» қожалығы арнайы су пайдалануға рұқсат ала алмау мәселесімен жүгінді. Бұл рұқсат түрі кәсіпкерге асыл тұқымды ешкілерді өсіруге негізделген инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін қажет болған. Алдын ала жер учаскесі белгіленген, барлық құрылыс рәсімдері келісілген жобаның құны бір миллиард теңгені құраған.

Алайда, қожалықтың иесінің айтуынша, жобаның тағдыры сол жерде орналасқан өзенді пайдаланумен тікелей байланысты, бұл жайт туралы барлық мүдделі мекемелер ең басынан хабардар болған.

Бас тартуға сырт көзбен қарағанда оның себебі толығымен заңнамаға сәйкес тәрізді, мұндай шешім қабылдауға су пайдалануға рұқсат сұралған өзен заңнама талаптарына сәйкес зерттелмегені негіз болған.

Бірақ Экологиялық кодексті тереңірек зерделеу барысында осындай су объектілерінде зерттеу жүргізу бассейн инспекцияларының өздеріне жүктелгені анықталды.

Бұл күрделі сұрақты шешуде қабылданғанына көп уақыт өтпеген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің септігі тиді. Онда мемлекеттік органның осындай әрекетсіздігі қызмет алушы үшін ауыртпалық тудырмау тиістігі тікелей белгіленген.

Демек, қызмет беруші өзі орындамаған міндеттердің ауыртпалығын өтініш иесіне жүктей алмайды.

Департаменттің ден қою шараларының нәтижесінде кәсіпкерге сұралған рұқсаты беріліп, жоба жүзеге асырылды.

Немесе басқа мысал, Департамент бұрын ауыл шаруашылығын жүргізу үшін ауданы 2000 гектар жер учаскесін жалға алу мерзімін ұзартудан бас тартылған жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің құқықтарын қалпына келтірді.

Кәсіпорын басшысының айтуынша, шартты ұзарту ауыл тұрғындары үшін 8 жұмыс орнын сақтап қалуға, сондай-ақ жер учаскесін жалға алған 10 жыл ішінде 1,5 миллиард теңгеден астам кіріс алуға мүмкіндік береді.

Осылайша, 10 жыл ішінде жер учаскесін пайдалану барысында кәсіпорын жалдау шарты бойынша міндеттемелерді адал орындап келген, жалдау ақысын, бюджетке салықтарды уақтылы төлеген, сондай-ақ жерді мақсатына сай пайдаланған.

Алайда, әр түрлі дәлелді себептерге байланысты шаруашылық Бұланды ауданының жергілікті атқарушы органын жаңа мерзімге шарт жасасу ниеті туралы уақтылы хабардар етпеді, бұл жалға алуды ұзартудан бас тартуға негіз болған.

Әкімдіктің бас тартуына шаруа қожалығы Департаментке шағыммен жүгінді.

Жер заңнамасына сәйкес жер пайдаланушы жер қатынастары саласындағы уәкілетті органды жалдау шартын оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін үш ай мерзімде ұзарту ниеті туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.

Сонымен қатар, жалдау шартының қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін өз міндеттерін тиісінше орындаған уақытша өтеулі жер пайдаланушының (жалға алушының) басқа адамдар алдында жаңа мерзімге шарт жасасуға басым құқығы болады.

Шағымды қарау барысында шаруа қожалығының шарттық міндеттемелерді тиісінше орындауы, сондай-ақ жер учаскесін нысаналы мақсаты бойынша пайдалануы әкімдіктің өзімен расталды.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік рәсімге қатысушы мен қоғам мүдделерінің әділ теңгерімін қамтамасыз ететіндігі көзделген.

Әкімдіктің шаруа қожалығымен жалдау шартын ұзартудан бас тарту туралы шешімі жалғыз себеппен, яғни өтініш берушінің жалдау шартының жарамдылық мерзімін өткізіп алуы заңның бұл талаптарына сәйкес келмейді, өйткені жергілікті атқарушы орган шағымды қарау кезінде өзіне жүктелген жалдау шартының жағдайларын адал орындап келген қызмет алушыға ауыртпалық тудырады.

Осыған байланысты, бас тартуды Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің мөлшерлестік қағидатына сәйкес емес деп танып, Департамент аудан әкімдігіне өтініш берушінің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру туралы шешім енгізді.

Осыдан қарап, кәсіпкерлік үшін мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қаншалықты маңызды екенін көруге болады. Олардың қолжетімділігінің жоғары деңгейі кәсіпкерліктің дамуы үшін қолайлы жағдай жасаса, негізсіз теріс шешімдер керісінше экономикаға инвестициялар тартуға ауыртпалық тудырып, бизнес бастамаларға кедергі жасайды.

Жоғарыда аталған тек екі-ақ мысалдың өзінде заңнамадағы өзгерістерді клиентке бағдарлану тұрғысынан дұрыс пайдалану арқасында кәсіпкерліктің 2,5 миллиард теңгеге заңды мүдделері қорғалды. Жалпы, Департамент 2024 жылдан бастап, 2025 жылдың 1-тоқсанын қоса есептегенде 300-ге жуық қызмет алушы кәсіпкердің 8 миллиардтан астам сомаға құқықтарының сақталуы қамтамасыз етілді.

Бұл құрғақ сандардың артында кәсіпкерлердің жеке мұң-мұқтажы, өзінің ісін дамытуға арналған жоспарының сәтті болуының алғышарттары жатыр.

Заңнамадағы оң өзгерістердегі, мемлекеттік қызметті дамыту тұжырымдамасындағы мақсаттарға қол жететінімізге сенімдіміз, дегенмен барлық стратегиялық маңызы бар құжаттардың тиімді жүзеге асырылуында әрбір мемлекеттік қызметшінің жеке рөлінің ерекше маңыздылығы сөзсіз.

**Д. ӘБІЛЕВ, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің басшысы.**

## Тіл – ұлттың ұлы игілігі, әрі оның ажырамас бөлігі

Кез келген халықтың болмыс-тіршілігі, өркениеттілігі, мәдениеті сол тілдің қолданыс ауқымдылығымен өлшенеді.

Қазақ тілінің мәдениеті – халқымыздың терең тарихынан, бай салт-дәстүрлерінен, философиялық дүниетанымынан және ұлттық рухынан құрылған аса құнды мұра. Қазақ тілі – ұлттың өзіндік болмысын, рухани құндылықтарын сақтаушы ғана емес, сонымен бірге заман талабына сай дамып келе жатқан тіл. Мәдениет пен тіл тығыз байланыста болғандықтан, тіл мәдениеті – ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі деп есептеймін.

Ана тілі арқылы біздің халықтың ойлау жүйесі, болмысы, өмірге деген көзқарасы көрініс табады. Халықтың ауыз әдебиеті, мақал-мәтелдері, жыр-дастандары мен ән-күйлері осы тіл арқылы ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жетіп келеді. Абай, Жамбыл, Махамбет сияқты ұлы ақын-жыраулардың шығармалары да тілдің байлығын, тереңдігін және көркемдігін паш етеді.

Қазіргі уақытта қазақ тілінің мәртебесі жаңа деңгейге көтеріліп келеді. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін тілдің мәртебесі айтарлықтай өсті, ал цифрлық дәуірдің келуімен қазақ тілі жаңа технологиялармен үйлесе отырып, заманауи мәдениетке бейімделіп отыр. Әлеуметтік желілер, онлайн контент, кино, әдебиет, музыка сынды мәдени өнімдер қазақ тілінде көбірек ұсынылып жатыр. Демек, бұған сұраныс көп.

Мемлекеттік тіл мемлекеттік маңызды мәселе болғандықтан, ол азаматтық патриотизм, мәдени тұтастық сияқты ұғымдармен байланысты. Түптеп келгенде, ол өңірдің, елдің ұлттық қауіпсіздігі, әлеуметтік тұрақтылығы мен интеллектуалды даму мәселесі де. Сонымен қатар, мемлекеттік тіл – мемлекеттің бет-бейнесі. Тіл – елдің мәдениетін қалыптастыратын ұйытқы, ұлттық бірліктің негізі, адамның рухани және имандылық қасиеттерінің басты факторы. Тіл білу халықты, оның тарихын, тұрмысы мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін терең тануға жол ашады. Өзгелерге мемлекет ретінде танылғымыз келсе, біз ең алдымен қасиетті ана тілімізді сақтауымыз қажет.

Әлемдегі барлық өркениетті елдердегідей мемлекеттік басқару жүйесінде қызмет істейтіндердің бәрі бұл тілді білуі жөн. Елімізде мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту – бүгінгі таңдағы өзекті мәселе. Ал, бұл істің шешуі шыдамдылық пен табандылықты талап етеді. Болашақта мемлекеттік тіл ретінде оның мәртебесі біздің елімізде қоғам биігінен көрінуге тиіс.

Мемлекеттік тіл – көпұлтты мемлекетте халықтың ұлттық құрамына қарамай іс қағаздарын мектеп және оқу орындарына оқыту, мәдениет, баспасөз бен байланыс орындарына, құқық қорғау мен әскери бөлімдерінде, сот істерін жүргізу міндетті деп саналатын саяси құқықтық қасиеті бар мәртебелі тіл. Оны жан-жақты дамыту және оның қолдану аясын кеңейту үшін мемлекет тарапынан белгілі бір уақытқа жоспарланған жан-жақты бағдарламалар жасалынуда.

Мемелекеттік тілде хат алмасудың сандық көрсеткіші едәуір артып келеді, ішкі құжаттар және шығыс ақпараттар мемлекеттік тілде редакцияланады.

Тілдің сақталуы үшін қоғамның жалпы қолдауы қажет. Әрбір азамат өз ана тіліне құрмет көрсетіп, оны күнделікті өмірде қолдануға тырысуы керек. Бұл үлкен мәдени құндылықты сақтау мен оны дамыту жолындағы маңызды қадам. Мемлекет, қоғам және әрбір адам өз үлесін қосып, тілді дамытуға атсалысса, қазақ тілі әрі қарай өркендеп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса береді. Тілдің тіршілігі оның қолданылуында, сондықтан қазақ тілін күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналдыру – бәріміздің ортақ міндетіміз.

**А. ҚАЛИЕВА, Бұланды ауданы әкімінің кеңесшісі-баспасөз хатшысы.**

## «Жасыл Ел» еңбек жасағының салтанатты ашылуы




Бұланды ауданының жастар ресурстық орталығында «Жасыл Ел»еңбек жасағының салтанатты ашылуы өтті.

«Жасыл ел» еңбек жасақтары-бүкіл ел бойынша жастарды қамтыған ауқымды жобалардың бірі.

Балалар аудан өміріне белсенді қатысып, қаланы көгалдандыру және тазалау жұмыстарын жүргізеді.

**Бұланды аудандық жастар ресурстық орталығы.**

## Наградили волонтера

Сегодня символика Казахстана узнаваема во всём мире, что вызывает гордость за свою страну, воспитывает чувство патриотизма. Каждый гражданин, как патриот своей страны, должен с уважением относиться к государственным символам. Нашей задачей является воспитание у нашей молодежи чувства патриотизма и гордости за принадлежность к своей стране, к ее истории, к великим личностям.

В рамках празднования Дня государственных символов Республики Казахстан волонтеру Молодежного ресурсного центра Муратову Имангали было вручено Благодарственное письмо акима района. Награду получил из рук акима района А. Смаилова.



## Молодежь за чистоту района!



В рамках республиканского экологического движения «Таза Казақстан» бойцами «Жасыл Ел» было убрано более 15 мешков мусора.

Цель прошедшей экоакции – привлечь внимание мирового сообщества к значимым проблемам окружающей среды и привить казахстанцам бережное отношение к природе. Работа в данном направлении будет продолжена.

**Молодежный ресурсный центр района.**